

**«Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Ақтөбе облысы бойынша департаменті» РММ**

«6» маусым 2024 жыл

Ақтөбе қаласы

**2021-2023 жылдар аралығында Ақтөбе облысы
бойынша мұнай өнімдерін сақтау нарығына жүргізілген
талдаудың ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын орындау мақсатында және ағымдағы жылдың 2 ақпандағы №04-04/315-4 хатының негізінде 2021-2023 жылдар аралығында Ақтөбе облысы бойынша мұнай өнімдерін сақтау нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізілді.

Талдаудың мақсаты – Мұнай сатудың тауар нарығындағы бәсекелестік ортаның жай-күйін бағалау және мұнайды сатудың тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін анықтау.

Негізгі қуат иелерін анықтау – негізгі қуатқа тең қол жеткізу қағидаларының (Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 13 маусымдағы №15 бұйрығымен бекітілген) 2-2 тауарындағы ұқсастық бойынша мұнай өнімдерін сақтау кезінде ұсыныстар әзірлеу.

Талдау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының 2022 жылғы 3 мамырдағы №13 бұйрығымен бекітілген «тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу жөніндегі әдістемеге» (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес жүргізілді.

Кодекстің 196-бабына сәйкес тауар нарықтарына талдау жүргізу мақсаттары бәсекелестікті қорғауға және дамытуға, монополистік қызметтің алдын алуға, шектеуге және жолын кесуге бағытталған шаралар кешенін әзірлеу үшін бәсекелестік деңгейін айқындау, үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін анықтау болып табылады.

Талдау кезінде келесі мәліметтер пайдаланды:

- Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша Ұлттық статистика бюросының хаты;
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетінің Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің хаты;
- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Қауіпсіздік комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің хаты;
- Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің хаты;
- Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасының хаты;
- талданатын нарықта әрекет ететін нарық субъектілерінің хаттары;
- Монополияға қарсы органның өз зерттеулерінің деректері.

Әдістеменің 5-тармағына сәйкес, экономикалық шоғырлануды мемлекеттік бақылау, сондай-ақ үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың бәсекелестікке қарсы келісімдері мен келісілген іс-қимылдарының белгілерін анықтау кезінде тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау осы тармақтың 6), 7) тармақшаларын алып тастайды.

Егер үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану белгілерін анықтау кезінде тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау нарық субъектісінің үлесі отыз бестен астам, бірақ елу пайыздан аз пайызды құрайтындығын немесе нарық субъектілерінің жиынтық үстемдігі бар екендігін көрсеткен жағдайда, осы тармақта көзделген барлық кезеңдері сақтай отырып, тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу қажет.

1. Тауарлардың өзара алмастыру өлшемшарттарын айқындау

Мұнай өнімдерінің қоймасы – мұнайдан өңделген өнімдерін сақтауға арналған резервуар немесе резервуарлар жүйесі: көбіне жерге негізделген жер үсті, жартылай жерасты және жер асты мұнай қоймалары бар. Олар болат, темірбетон, пластмасса материалдарынан жасалған.

Резервуар – мұнай өнімдері базасындағы не мұнай өнімдерін өндірушінің өндірістік объектісіндегі сақтауға арналған ыдыс.

Мұнай өнімдерін сақтауда көп пайдаланылатын резервуарлар түрі - жер үсті болат және жартылай жерасты темірбетон.

Мұнай өнімдерін сақтауға арналған қолданыстағы болат резервуарлар мақсатына (технологиялық параметрлеріне), резервуарлардың орналасуына (жер үстінде, жер асты), пішіндеріне (тік цилиндрлік, көлденең цилиндрлік, сфералық және арнайы), табақ конструкцияларының байланысу түріне (дәнекерленген және бекітілген) қарай және орнату әдісіне байланысты (металл табақтары арқылы және орама әдісі арқылы құрастыру) әртүрлі болып келеді.

Тік, цилиндрлі болат резервуарлар төмендегідей сипаттарға қарай бөлінеді:

- 1) сыйымдылығына байланысты - 100 м^3 -тан бастап $50\,000\text{ м}^3$ -қа дейін;
- 2) орналасуына қарай - жерүсті, жерасты.
- 3) газ кеңістігіндегі қысым бойынша - қысымсыз, $0,002\text{ МПа}$ -ға дейінгі артық қысымы бар және $0,07\text{ МПа}$ -ға дейінгі жоғары қысымы бар;

1) конструкциясына байланысты:

- қалқымалы шатыры бар;
- понтоны жоқ бекітілген шатыры бар;
- бекітілген шатыры және понтоны бар резервуарлар деп жіктеледі.

Дәнекерленген резервуарлардың қабырғалары өзара жанастырылып, қабаттастырылып және ішінара жанастырылып байланысса, ал бекітілген резервуарлардыкі қабаттастырылып немесе қаптамаларымен жанастырылып байланысады. Эксплуатация шарттарына және сақталатын мұнай өнімінің түріне байланысты олардың жылу оқшаулайтын қаптамасы болуы мүмкін.

Көлденең цилиндрлік болат резервуарлар төмендегідей сипаттамаларға сай жіктеледі:

- 1) сыйымдылығына қарай - 3 м^3 -тан 200 м^3 -қа дейін;
- 2) орналасуына қарай - жерүсті, жерасты.
- 3) газ кеңістігіндегі қысым бойынша - қысымсыз, артық қысымы бар.

Мұнай өнімдерін резервуарларда сақтау стандарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Резервуарды таңдау мұнай өнімінің сипаттамаларына, пайдалану жағдайларына байланысты сақтау кезінде буланудан мұнай өнімдерінің жоғалуын азайтуды ескере отырып, техникалық-экономикалық есептеулермен негізделеді.

Резервуарды орнатудың схемасы бойынша: жер үсті, олардың түбі аланның ең төменгі белгісінен жоғары немесе сол деңгейде болады. Жерасты, сұйықтықтың ең үлкен деңгейі, ең төмен белгісінен 0,2 м болады. Олар әртүрлі көлемде 100м^3 -ден 120000м^3 дейін болады. Ақшыл мұнай өнімдерін сақтау үшін болат резервуар, ішкі жабыны бар темірбетоннан, болат беттен немесе метал емес изоляциядан, мұнай өнімдерінің әсеріне тұрақты резервуарды қолданады.

Конусты жабыны бар резервуарлар – $1000\text{-}5000\text{ м}^3$, оның ортасына орталық тіректі орнатып, оған жабын щиттары тіреледі. Сфералық жабыны бар резервуарлар көлемі - $10000, 15000\text{-}20000\text{ м}^3$ етіп құрады. Контур бойынша жабын щитты резервуарлық қанқасында орналасқан сақинаға тіреледі. Резервуардың қабырғаларының бетінің қалыңдығы 6-14 мм. Жабын бетінің қалыңдығы – 3 мм.

Металл емес резервуарлар – олардың ауыстырылатын конструкциясы металл емес материалдардан жасалады. Металл емес резервуарларды темірбетон резиналы металы емес синтетикалық матадан жасайды.

Тамшы тәріздес резервуарлар - қанқалы болып келеді. Мұндай резервуарлар көлемі $5000\text{-}6000\text{ м}^3$ етіп жасайды және $0,075\text{ МПа}$ қысымға дейін есептелген. Қанқаларында екі қисықты бірнеше қабық қилысатын резервуарларды көпкупалды деп айтады. Бұндай резервуарлардың көлемі $5000\text{-}20000\text{м}^3$ етіп жасайды.

Талдау барысында мұнай өнімдерін оның ішінде бензин және дизель отының бір резервуарларда сақтауға болатыны анықталды. Ашып айтқанда, бұрын бензин сақталған резервуарды босатып, босағаннан кейін орнына дизель отының құйып сақтауға болады.

Сонымен қатар, бензин (әр түрлі маркада) және дизель отының авиаотын сақталған резервуарларда сақтауға болады. Болат резервуарлардың ішкі беттерін коррозиядан қорғау үшін электрлік қорғаныс, жайтартқыш пен коррозияға қарсы қаптамалар, сондай-ақ коррозия ингибиторлары қолданылғандықтан бензинмен дизель отынның сапасы бұзылмайды.

Ал, авиаотынды бензин және дизель отыны сақталған резервуарларда сақтаса онда авиаотынның сапасы бұзылып, жақсы жағдайда сақталуына кері әсерін тигізеді. Себебі, күнделікті өмірде мұнай өнімдерін сақтаумен айналысатын нарық субъектілері қаражатты үнемдеп, сақталған өнімнен резервуарлар босағаннан кейін ішін химиялық қоспалармен тазартпай, коррозиядан қорғау мақсатында ашық түсті лак-бояулармен боямай, металданған жабынды қаптамамен қорғамайды. Сондықтан авиаотынды кез-келген резервуарларды сақтауға болмайды.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 286 бұйрығымен бекітілген Мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының 3-1 тарауының 12 тармағына сәйкес, авиаотынды жылжымалы қақпағы бар резервуарларда сақтауға болмайды.

Жалпы айтқанда, мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарлардың табаны мен қабырғаларының ішкі беттері үшін эксплуатация шарттары бойынша қоршаған орта класын, сондай-ақ коррозиядан қорғау әдістерін таңдау үшін резервуар ішіндегі конструкцияларға мұнай өнімдерінің агрессивті әсер ету дәрежесін ескеру қажет.

Сонымен қатар, ашық ауада орналасқан резервуарлардың сыртқы беттері жарықты шағылыстыру дәрежесі жоғары ашық түсті бояулар мен лактар негізіндегі коррозияға қарсы қаптамалармен қорғалуы керек.

Мұнай өнімдерін сақтауда резервуарларды басқа затпен алмастыру мүмкіндігі жоқ. Тек, мұнай өнімдерін сақтау үшін арнайы тек резервуарлар қолданылады.

Жоғарыда көрсетілген техникалық және экономикалық мәліметтерді ескере отырып, мұнай өнімдерін сақтау нарығындағы көрсетілетін қызметтер, басқа немесе осыған ұқсас қызметтермен алмастырылмайды.

2. Тауар нарығының шекараларын айқындау.

Әдістеменің 17-тармағына сәйкес тауар нарығының шекаралары, егер оны осы аумақтан тысқары жерлерде сатып алу экономикалық, технологиялық және басқа да себептер бойынша орынсыз болса, тұтынушылар тауарды немесе бірін-бірі өзара алмастырылатын тауарды сатып алатын аумақты айқындайды.

Әдістеменің 21-тармағына сәйкес тауар нарығының шекараларын айқындау сатып алушы тауарды немесе бірін-бірі өзара өзара алмастырылатын тауарды сатып алуының экономикалық мүмкіндігіне немесе оны осы аумақтан тысқары жерлерде экономикалық, технологиялық, әкімшілік және басқа да себептер бойынша сатып алу мүмкіндігінің болмауына негізделеді.

Әдістеменің 24-тармағына сәйкес, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметімен байланысты қызметтер саласында тауар нарықтарының шекаралары нарық субъектілерінің инфрақұрылымға қол жеткізу және оны пайдалану мүмкіндіктері ескеріле отырып айқындалады.

Кодекстің 196 бабының 4 тармағына сәйкес тауар нарығының шекарасы егер тауарды немесе өзара алмастырылатын тауарды осы аумақтың шегінен тыс жерден сатып алу экономикалық, технологиялық және басқа себептер бойынша орынсыз болса, тауар нарығының шекаралары тұтынушылардың оларды сатып алатын аумағын айқындайды.

Тауар нарығының шекараларын айқындау көрсетілген өлшемшарттардың бірі немесе олардың жиынтығы бойынша жүзеге асырылады.

Нарықтың шекаралары мынадай өлшемшарттар:

- 1) осы аумақта тауарды сатып алу мүмкіндігі;
- 2) тауардың құнына қатысты алғанда көліктік шығындардың негізділігі мен өзін ақтайтындығы;
- 3) тауарды тасымалдау кезінде оның сапасын, сенімділігі мен басқа да тұтынушылық қасиеттерін сақтауы;
- 4) тауарларды сатып алу-сатуға, әкелу мен әкетуге шектеулердің (тыйым салулардың) болмауы;
- 5) оның шегінде тауарларды өткізу, жеткізу жүзеге асырылатын аумақта бәсекелестікке тең жағдайлардың болуы бойынша тауарларды сатып алудың қолжетімділігі ескеріле отырып айқындалады.

Талдау барысында нарық субъектілері мұнай өнімдерін сақтай алатын облыстың барлық әкімшілік аудандарын (облыс орталығы, республикалық маңызы бар қала, аудан, ауданға қарасты ауылдық округтердің елді-мекендер) ескеріліп, географиялық шекара Ақтөбе облысының аумағын толық қамтылды.

Ақтөбе облысының ең шалғай ауданы облыс орталығы Ақтөбе қаласына 500 шақырым қашықтықта орналасқан. Оған қарамастан, сол аралықта сатушылармен сатып алушылардың мұнай өнімдерін автокөлікпен де, теміржолмен де жеткізіп, сақтау мүмкіндіктері бар.

Ақтөбе облысының географиялық шекарасын анықтау барысында сатып алушының тауарды сақтаудағы экономикалық мүмкіндігіне негізделді.

Оған қоса, бұл сатып алушының Ақтөбе облысының кез келген ауданында мұнай өнімдерін сатып алуға және сақтауға экономикалық мүмкіндігімен қатар, экономикалық тиімсіз себептермен мұнай өнімдерін осы аумақтан тыс жерде сақтай алмауымен негізделеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жүргізілген талдаудың барысында мұнай өнімдерін сақтау нарығының географиялық шекарасы ретінде Ақтөбе облысы анықталды.

3. Тауар нарығын зерттеудің уақыт аралығын айқындау

Әдістеменің 26-тармағына сәйкес, тауар нарығын зерттеудің уақыт аралығын зерттеу мақсатына, тауар нарығының ерекшеліктеріне және ақпаратқа қол жеткізуге байланысты айқындалады.

Жоғарыда көрсетілген ақпаратқа сүйене отырып, осы тауар нарығын зерттеу мерзімі 2021-2023 жылдар аралығын құрайды.

4. Тауар нарығында жұмыс істейтін нарық субъектілерінің құрамын айқындау

Әдістеменің 29-тармағына сәйкес, тауар нарығында жұмыс істейтін нарық субъектілерінің құрамына белгілі бір уақыт аралығы шегінде оның шекараларында қаралатын тауарды өткізетін барлық нарық субъектілері кіреді.

Әдістеменің 31-тармағына сәйкес, зерттеудің уақыт аралығын анықтау кезінде алынған ақпараттың негізінде, нарықтың тауар шекараларын және тауар нарығының шекараларын айқындау кезінде қаралатын тауар нарығындағы жұмыс істейтін нарық субъектілері айқындалады.

Ақтөбе облысының географиялық шекараларында 2021-2023 жылдар аралығын мұнай өнімдерін сақтау нарығында жұмыс істеген нарық субъектілерінің құрамын анықтау мақсатында Департамент нарық субъектілерінің және мемлекеттік органдардың мекен жайларына тиісті сұраныстар жолдады.

Алынған ақпаратқа сәйкес, Департамент талданатын уақыт мерзімінде Ақтөбе облысының географиялық шекараларында мұнай өнімдерін сақтауды жүзеге асырған келесідей нарық субъектілерін анықтады:

1. «АЗС Лидер» ЖШС – орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Өнеркәсіптік аймақ №675, БСН: 080140004149, құрылтайшысы: [REDACTED].

2. «Sinooil» ЖШС Ақтөбе филиалы – орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Өнеркәсіптік аймақ №1/1, БСН:041141008350, құрылтайшысы: [REDACTED].

3. «Новая АЗС» ЖШС Ақтөбе филиалы – орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Өнеркәсіптік аймақ №330, БСН:140341026562, құрылтайшысы: [REDACTED].

4. «Донская нефтебаза» АҚ – орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Окраина көшесі №12, БСН: 951040000693, құрылтайшысы: [REDACTED].

5. «ТЭК-Казахстан» ЖШС батыс филиалы – орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Ө.Молдағұлова даңғылы №46, БСН:010940002327, құрылтайшысы: [REDACTED].

6. «Южпромснаб» ЖШС – орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 41 разъезд №324, БСН: 021240002821, құрылтайшысы: [REDACTED].

7. «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ – орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Бөкенбай батыр көшесі №44, БСН:940740000545, құрылтайшысы: [REDACTED].

5. Тауар нарығының көлемі мен нарық субъектілерінің үлестерін есептеу

Әдістеменің 34-тармағына сәйкес, қаралатын нарық шекара шегіндегі уақыттың белгілі бір кезеңіндегі тауар нарығы көлемінің есебі (бұдан әрі – тауар нарығының жалпы көлемі) тауарды немесе бірін-бірі өзара алмастыратын тауарларды әкелу мен әкету көлемдерін ескере отырып, нарық субъектілерінің тауарды немесе бірін-бірі өзара алмастыратын тауарларды заттай немесе құндық көрсеткіштерде өткізу сомасы ретінде айқындалады.

Осыған байланысты, Ақтөбе облысының аумағында мұнай өнімдерін сақтау нарығында бәсекелестік ортаның жай-күйін талдау және бағалау жүзеге асырылатын болады. Тауар нарығының көлемі физикалық түрде яғни, тоннамен есептелетін болады.

Ақтөбе облысының географиялық шекарасында 2021-2023 жылдар аралығында мұнай өнімдерін сақтау нарығындағы үстемдік үлесін есептеу

№	Нарық субъектілері	Көлемі, тонна	Субъектінің жалпы көлемдегі үлесі %	Шаршы үлесі
2021 жыл				
1	«АЗС Лидер» ЖШС		11,2	125,4
2	«Sinooil» ЖШС		7,4	54,7
3	«Новая АЗС» ЖШС		12,8	163,8
4	«Донская нефтебаза» АҚ		2,5	6,2
5	«ТЭК-Казахстан» батыс филиалы		6,9	47,6
6	«Южпромснаб» ЖШС		38,1	1 451,6
7	«Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ		20,8	432,6
	Барлығы		100	2 281,9
2022 жыл				
1	«АЗС Лидер» ЖШС		0,2	0,04
2	«Sinooil» ЖШС		12,2	148,8
3	«Новая АЗС» ЖШС		16,9	285,6
4	«Донская нефтебаза» АҚ		3,18	10,1
5	«ТЭК-Казахстан» батыс филиалы		6,6	43,5
6	«Южпромснаб» ЖШС		37,6	1 413,7
7	«Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ		23,1	533,6
	Барлығы		100	2 435,34
2023 жыл				
1	«АЗС Лидер» ЖШС		-	-
2	«Sinooil» ЖШС		4,0	16,0
3	«Новая АЗС» ЖШС		6,62	43,8
4	«Донская нефтебаза» АҚ		1,9	3,6
5	«ТЭК-Казахстан» батыс филиалы		3,7	13,6
6	«Южпромснаб» ЖШС		66,8	4 462,2
7	«Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ		16,8	282,2
	Барлығы		100	4 821,4

36. Егер тиісті тауар нарығындағы өздеріне неғұрлым көп үлес тиесілі үштен аспайтын нарық субъектісінің жиынтық үлесі елу және одан көп пайызды құраса немесе тиісті тауар нарығындағы өздеріне неғұрлым көп үлес тиесілі төрттен аспайтын нарық субъектісінің жиынтық үлесі жетпіс және одан көп пайызды құраса, егер осындай нарық субъектісіне қатысты жиынтығында мынадай жағдайлар белгіленсе бірнеше нарық субъектілерінің әрқайсысының жағдайы үстем деп танылады:

1) ұзақ кезең ішінде (кемінде бір жыл ішінде немесе егер мұндай мерзім бір жылдан аз болса, тиісті тауар нарығының әрекет ету мерзімі ішінде) нарық субъектілері үлестерінің салыстырмалы мөлшері өзгермеген немесе аз өзгерістерге ұшыраған. Осы жағдайды анықтау нарық субъектілері үлестерінің серпінін талдау арқылы жүзеге асырылады.

2) нарық субъектілері өткізетін немесе сатып алатын тауар тұтыну кезінде (оның ішінде өндірістік мақсаттарда тұтыну кезінде) басқа тауармен алмастырылмайды. Осы жағдай осы Әдістеменің 2-тарауына сәйкес белгіленеді.

3) тиісті тауар нарығында осы тауардың бағасы және (немесе) оны өткізу шарттары туралы ақпарат адамдардың белгіленбеген тобына қолжетімді. Осы көрсеткішті айқындау жалпыға бірдей ақпаратты талдауға, сондай-ақ сатушылардың (нарық субъектілері) және (немесе) сатып алушылардың (тұтынушылардың) талдауына негізделген.

Ұзақ кезең ішінде «Новая АЗС» ЖШС, «Южпромснаб» ЖШС және «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ үлестерінің салыстырмалы мөлшері аз өзгерістерге ұшыраған.

Талдаудың 1 тарауына сәйкес, мұнай өнімдерін сақтау нарығындағы қызмет басқа қызметтермен алмастырылмайды.

Мұнай өнімдерін сақтау нарығында компаниялардың резервуарларды жалдау ақысы, сақтауға алынған мұнай өнімдерінің көлеміне, сақтау мерзіміне байланысты болады.

Сонымен қатар, мұнай өнімдерін сақтауға байланысты бағалармен шарттар туралы ақпаратты әрбір жеке және заңды тұлғалар нарық субъектісіне хабарласу арқылы біле алады.

Жоғарыдағы көрсетілген кестеге сәйкес, Ақтөбе облысының географиялық шекарасында мұнай өнімдерін сақтау нарығында 2021 жылы «Южпромснаб» ЖШС (2021 жыл - 38,1%) және «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ (2021 жыл – 20,8%) үлестері, 50%-дан астам жиынтық үлесімен басымдық жағдайға ие болды.

2022 жылы «Новая АЗС» ЖШС (2022 жыл – 16,9%), «Южпромснаб» ЖШС (2022 жыл - 37,6%) және «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ (2022 жыл – 23,1%) үлестері, 50%-дан астам жиынтық үлесімен басымдық жағдайға ие болды.

2023 жылы «Южпромснаб» ЖШС (2023 жыл - 66,8%) және «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ (2023 жыл – 16,8%) үлестері, 50%-дан астам жиынтық үлесімен басымдық жағдайға ие болды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 176-1 бабының 1 тармағында және осы баптың 2 тармағының 1,2,3,4,5 тармақшаларында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тауары, инфрақұрылым объектісінің (негізгі қуатты иеленуші) келесідей шарттар жиынтығы көрсетілген.

1. Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісінің тауары, инфрақұрылым объектісі (бұдан әрі – негізгі қуатты иеленуші) негізгі қуат болып табылады, оларға қол жеткізбей басқа да нарық субъектілері тиісті немесе сабақтас тауар нарығында тауарды өндіруді және (немесе) өткізуді жүзеге асыра алмайды.

2. Нарық субъектісінің тауары, инфрақұрылым объектісі мынадай шарттардың жиынтығы кезінде:

1) технологиялық ерекшеліктерге байланысты тауарды, инфрақұрылым объектісін қайталау мүмкін болмаса немесе экономикалық тұрғыдан орынсыз болса;

2) негізгі қуатты иеленуші тиісті тауарды, инфрақұрылым объектісін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы болса;

3) негізгі қуатты иеленушіде тиісті тауарға, инфрақұрылым объектісіне қолжетімділікті беру мүмкіндігі болса;

4) негізгі қуатты иеленушінің тиісті тауарға, инфрақұрылым объектісіне қол жеткізуден негізсіз бас тартуы бәсекелестікке теріс әсер ететін болса;

5) негізгі қуатты иеленушінің тиісті тауар көлеміне, инфрақұрылым объектісіне қолжетімділік биржалық сауда-саттық арқылы берілмесе, негізгі қуат деп танылады.

Талдау барысында 2021-2023 жылдары Ақтөбе облысының аумағында мұнай өнімдерін сақтау нарығында 3 жыл қатарынан 50%-дан астам жиынтық үлесімен басымдық жағдайға ие болған «Южпромснаб» ЖШС-гін және «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» акционерлік қоғамын нарықтағы негізгі қуат иесі ретінде анықтау үшін Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 2 тармағының 1,2,3,4,5 тармақшаларында көрсетілген шарттарға сәйкес, төмендегідей қаралды.

«Южпромснаб» ЖШС

1) Мұнай өнімдерін сақтау нарығында жұмыс жасайтын нарық субъектілері немесе осы нарықта мұнай өнімдерін сақтау қызметімен айналысуды жаңадан жоспарлаған кәсіпкерлер мұнай өнімдерін сақтайтын мұнай базаларын жаңадан салып немесе сатып ала алады.

Сонымен қатар, өздерінде мұнай базалары болмаған жағдайда (салып немесе сатып алғанша) келісім негізінде облыс аумағындағы басқа да нарық субъектілерінің иелегіндегі мұнай өнімдерін сақтау қоймаларында өз өнімдерін сақтай алады.

Осыған байланысты, технологиялық ерекшеліктерге байланысты тауарды, инфрақұрылым объектісін қайталау мүмкін.

2) Нарық субъектісі өзінің мұнай өнімдерін сақтау қоймасын толық иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы болады.

3) Инфрақұрылым объектісіне қолжетімділікті беру мүмкіндігі бар.

4) Инфрақұрылым объектісіне қол жеткізуден негізсіз бас тартуы бәсекелестікке теріс әсер тигізбейді. Себебі: осы нарықтағы басқа да нарық субъектілерінің мұнай базаларында мұнай өнімін сақтай алады.

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 мамырдағы №638 қаулысымен бекітілген биржалық тауарлардың тізбесіне сәйкес, талданып жатқан мұнай өнімдерін сақтау нарығындағы тауар түрлері биржалық тауарларға жатпайды.

Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген ақпаратқа сәйкес Южпромснаб» ЖШС-гі осы нарықтағы негізгі қуат иесі болып табылмайды.

«Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ

1) Мұнай өнімдерін сақтау нарығында жұмыс жасайтын нарық субъектілері немесе осы нарықта мұнай өнімдерін сақтау қызметімен айналысуды жаңадан жоспарлаған кәсіпкерлер мұнай өнімдерін сақтайтын мұнай базаларын жаңадан салып немесе сатып ала алады.

Сонымен қатар, өздерінде мұнай базалары болмаған жағдайда (салып немесе сатып алғанша) келісім негізінде облыс аумағындағы басқа да нарық субъектілерінің иелегіндегі мұнай өнімдерін сақтау қоймаларында өз өнімдерін сақтай алады.

Осыған байланысты, технологиялық ерекшеліктерге байланысты тауарды, инфрақұрылым объектісін қайталау мүмкін.

2)Нарық субъектісі авиаотынды сақтау қоймасын толық иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы.

3)Инфрақұрылым объектісіне қолжетімділікті беру мүмкіндігі бар.

4)Инфрақұрылым объектісіне қол жеткізуден негізсіз бас тартуы сияқты жағдайлар болса, сөзсіз бәсекелестікке теріс әсер болады.Себебі: Ақтөбе облысының аумағында көп көлемде сапалы күйде авиаотынды сақтайтын мұнай базасы «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» акционерлік қоғамының иелігіне жатады.

Ал, басқа нарық субъектілерінде авиаотынды сақтайтын мұнай базалары болмағандықтан нарықта қиындықтардың орын алады. Бас тартқан жағдайда, мұнай өнімдерін сақтау нарығында қолдан жасалған теріс әсерлер кесірінен нарықтағы бәсекелестікке көптеген зияны тиеді.

5)Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 мамырдағы №638 қаулысымен бекітілген биржалық тауарлардың тізбесіне сәйкес, талданып жатқан мұнай өнімдерін сақтау нарығындағы тауар түрлері биржалық тауарларға жатпайды.

Жоғарыда көрсетілген ақпаратқа сәйкес, «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ-мы облыс аумағында мұнай өнімдерін сақтау нарығындағы негізгі қуат иесі болып табылады.

Мұнай өнімдерін сақтайтын резервуарлардың көлемі туралы ақпарат

Нарық субъектілері	Резервуарлардың саны	Жалпы сыйымдылығының көлемі	Өнімді сақтау бағасы, теңге	Бензин	Диз/отын	Авиаотын
«АЗС Лидер» ЖШС	23	28350 м ³	2100-2500	10350 м ³	18000 м ³	-
«Sinooil» ЖШС	6	8000 м ³	2200	5000 м ³	3000 м ³	-
«Новая АЗС» ЖШС	8	9000 м ³	2300-2500	6000 м ³	3000 м ³	-
«Донская нефтебаза» АҚ	3	2100 м ³	-	-	2100 м ³	-
«ТЭК-Казахстан» батыс филиалы	13	2586 м ³	2500	-	2586 м ³	-
«Южпромснаб» ЖШС	50	30275,3 м ³	2000	5756 м ³	24410 м ³	109,30 м ³
«Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ	14	14665 м ³	1781	2570 м ³	7095 м ³	5000 м ³
Барлығы	117	94 976,3 м³		29 676 м³	60 191 м³	5 109,3 м³

Ескерту: «Южпромснаб» ЖШС-гі авиаотынды азаматтық авиацияның әуе кемелеріне құю мақсатында сақтамаған. Серіктестік авиаотынды қажеттілікке байланысты техникалық мақсатта қолдану үшін сақтаған. Мысалы: күз және көктем мезгілінде дизельдік отынның қатып қалу процесін ұзартуға немесе мүлдем қатып, қоюланбаудың алдын-алуға осы авиаотын көлеміне қарай мөлшермен құйып отырған. Дизельдік отынды сақтаған кезде оның сапасын жақсы күйде ұстап қалу үшін қолданған.

Сонымен қатар, «Донская нефтебаза» АҚ-мы мұнай базасында тұтынушының қалауы бойынша 1 тонна мұнай өнімін (дизель отыны) сақтау үшін тиісті бағаны белгілемеген. Екі жақпен жасалған Келісімшарттың негізінде әрқайсысы 500 тонна болатын үш резервуарда сақталатын өнімдері үшін тұтынушылар жалпы көлемде бір сомманы төлеп отырған.

Жоғарыда көрсетілген салыстырмалы кестеде 2021-2023 жылдар аралығында Ақтөбе облысында мұнай өнімдерін сақтаумен айналысқан нарық субъектілерінің қолданған резервуарларының санымен, жалпы сыйымдылығын көруге болады.

6. Тауар нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйін бағалау

Тауар нарығындағы бәсекелестік ортаның жай-күйін бағалау үшін Әдістеменің 40-тармағының талабына сәйкес төмендегідей әдістер пайдаланылады:

- 1) нарықтық шоғырлану коэффициенті (CR);
- 2) Герфиндаль – Гиршман нарықтық шоғырлану индексі (HH).

Ақтөбе облысындағы тауарлық газды бөлшек сауда нарығы:

2021 жылы (CR3) – 71,7%.

2022 жылы (CR3) – 77,6%.

2023 жылы (CR3) – 90,2%.

Шоғырлану коэффициенттері мен Герфиндаль-Гиршмана индекстерінің мәндеріне сәйкес, Ақтөбе облысында 2021-2023 жылдар аралығында мұнай өнімдерін сақтау нарығы – жоғары шоғырланған болып табылады.

7. Бәсекелестіктің дамуына ықпал ететін нарық субъектілері қызметіне кедергілердің, қиындықтардың не өзге де шектеулердің бар екенін куәландыратын мән-жайларды немесе белгілерді айқындау, оның ішінде тауар нарығына кіру тосқауылдарын айқындау.

Департамент талдау барысында мұнай өнімдерін сақтау нарығына кірудің келесідей негізгі тосқауылдарын анықтады.

Экономикалық шектеулер: мұнай өнімдерін сақтау қоймаларымен жанармай құю бекеттерін салған кездегі жоғары шығындар (резервуарларды сатып алу, оны жалға алу), осы бағыттағы жұмыстарға жұмсалатын бастапқы инвестицияның ұзақ мерзімде өтелуі;

Нарықта көп уақыттан бері жұмыс істейтін субъектілермен салыстырғанда әлеуетті қатысушылар үшін қаржылық ресурстардың шектеулі болуы және қаржыландыруды тартудың жоғары шығындары;

Нарықтың шығу шығындары нарықтағы қызмет тоқтатылған кезде өтелмейтін инвестициялар;

Әкімшілік шектеулер: арнайы рұқсат алу қажеттілігі (мұнай базасы мен жанармай құю станциясын салу үшін жер учаскелерін алу), осы саладағы көрсетілетін қызметке қойылатын технологиялық және экологиялық шектеулер, стандарттармен сапа талаптары.

8. Тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне жүргізілген талдау нәтижелері бойынша қорытындыда көрсетілген тұжырымдар

Жалпы ережелер: 2021-2023 жылдар аралығында Ақтөбе облысы бойынша мұнай өнімдерін сақтау нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізілді.

1) **Тауарлардың өзара алмастырылу өлшемшарттарын айқындау:** мұнай өнімдерін сақтау нарығындағы көрсетілетін қызметтер басқа қызметтермен алмастырылмайды.

2) **Зерттеудің уақыт аралығы:** 2021-2023 жылдар аралығы.

3) **Тауар нарығының шекарасы:** Ақтөбе облысы.

4) **Қаралып отырған тауар нарығында қызмет ететін нарық субъектілерінің құрамы:** «АЗС Лидер» ЖШС, «Sinooil» ЖШС, «Новая АЗС» ЖШС, «Донская нефтебаза» АҚ, «ТЭК-Казахстан» батыс филиалы, «Южспромснаб» ЖШС, «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ.

5) **Нарықтың көлемі және нарық субъектілерінің үлесі:**

2021 жылы «Южпромснаб» ЖШС (2021 жыл - 38,1%) және «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ (2021 жыл – 20,8%) үлестері, 50%-дан астам жиынтық үлесімен басымдық жағдайға ие болды.

2022 жылы «Новая АЗС» ЖШС (2022 жыл – 16,9%), «Южпромснаб» ЖШС (2022 жыл - 37,6%) және «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ (2022 жыл – 23,1%) үлестері, 50%-дан астам жиынтық үлесімен басымдық жағдайға ие болды.

2023 жылы «Южпромснаб» ЖШС (2023 жыл - 66,8%) және «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ (2023 жыл – 16,8%) үлестері, 50%-дан астам жиынтық үлесімен басымдық жағдайға ие болды.

6) Тауар нарығындағы бәсекелестік ортаның жай-күйін бағалау: Ақтөбе облысының аумағында 2021-2023 жылдары аралығында мұнай өнімдерін сақтау нарығы- жоғары шоғырланған.

7) Тауар нарығына кіру тосқауылдары:

Экономикалық шектеулер: мұнай өнімдерін сақтау қоймаларымен жанармай құю бекеттерін салған кездегі жоғары шығындар (резервуарларды сатып алу, оны жалға алу), осы бағыттағы жұмыстарға жұмсалатын бастапқы инвестицияның ұзақ мерзімде өтелуі;

Нарықта көп уақыттан бері жұмыс істейтін субъектілермен салыстырғанда әлеуетті қатысушылар үшін қаржылық ресурстардың шектеулі болуы және қаржыландыруды тартудың жоғары шығындары;

Нарықтың шығу шығындары нарықтағы қызмет тоқтатылған кезде өтелмейтін инвестициялар;

Әкімшілік шектеулер: арнайы рұқсат алу қажеттілігі (мұнай базасы мен жанармай құю станциясын салу үшін жер учаскелерін алу), осы саладағы көрсетілетін қызметке қойылатын технологиялық және экологиялық шектеулер, стандарттармен сапа талаптары;

8) Тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне жүргізілген талдау нәтижелері: Бұл талдаудың мақсаты осы нарықта үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің үлесін анықтау болды.

Талдаудың нәтижесінде, 2021-2023 жылдары Ақтөбе облысының аумағында мұнай өнімдерін сақтау нарығында «Новая АЗС» ЖШС, «Южпромснаб» ЖШС және «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ үлестері 50%-дан астам жиынтық үлесімен басымдық жағдайда екені анықталды.

Сонымен қатар, 2021-2023 жылдары аралығында Ақтөбе облысының географиялық шекарасында мұнай өнімдерін сақтау нарығында мұнай өнімдерін сақтау қызметін жүзеге асырып, үлесі 50%-дан астам жиынтық үлесімен басымдық жағдайда ие болған «Әлия Молдағұлова Халықаралық Әуежайы» АҚ-мы осы нарықтағы негізгі қуат иесі болып анықталды.

Ұсыныс. Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 13 маусымдағы №15 бұйрығымен бекітілген негізгі қуатқа тең қол жеткізу қағидаларына толықтыру енгізіп, атап айтқанда, 2.1 және 2.2 тараулары секілді «Авиаотын өнімін сақтау нарығында негізгі қуатқа тең қолжетімділікті ұсыну ерекшеліктері» бойынша 2.3 тарауы ретінде қосуды ұсынамыз.

Үлгі

2-3 тарау. Авиотын өнімін сақтау нарығында негізгі қуатқа тең қолжетімділікті ұсыну ерекшеліктері

19-1. Авиотын сақтау нарықтарында негізгі қуаттың иесі болып мұнай өнімдерін сақтаушы, үстем немесе монополиялық жағдайға ие, өз мақсаттары үшін инфрақұрылым объектісіне қол жеткізуден негізсіз бас тартып, нарықтағы бәсекелестіктің дамуына теріс әсер беретін нарық субъектісі танылуы мүмкін.

19-2. Негізгі қуат иесі өзінің интернет-ресурсында:

Авиотын өнімін сақтаудың Үлгілік шартын (бұдан әрі – Үлгілік шарт);
қосылған құн салығынсыз, мұнай базаларында авиотын өнімдерін сақтаудың бағасын (1 тоннасына);

шарт жасасуға өтінімдерді (бұдан әрі – өтінім) қабылдау үшін ақпараттық жүйенің және авиотын өнімдерін сақтауға қолжетімдік алу тәртібінің болуы, туралы ақпаратты орналастырады.

Өтінімдерді электрондық пошта арқылы қабылдаған жағдайда нарық субъектісінің нақты атауы мен мекенжайы көрсетіледі.

19-3. Негізгі қуат иесі Үлгілік шартқа сәйкес нарық субъектісімен шарт жасасады.

Үлгілік шарт, оның ішінде енгізілген өзгерістер мен толықтырулар негізгі қуат иесінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Қажет болған жағдайда, негізгі қуат иесі Үлгілік шартқа, қателер мен жаңсақ жазуды түзетуді қоспағанда, алдағы өзгерістер мен толықтырулар туралы өзінің интернет-ресурсында хабарлама жариялаған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн бұрын өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

19-4. Авиотын өнімдерін сақтау шарты (бұдан әрі - шарт) қоса алғанда алты айға дейінгі мерзімге жасалады.

19-5. Өтінімді алудың нақты уақыты мен күнін негізгі қуат иесінің ақпараттық жүйесі тіркейді.

Ақпараттық жүйеге электрондық пошта да жатады.

Өтінімді электрондық пошта арқылы алу өтінім жіберушіге автоматты түрде хабарлау арқылы негізгі қуат иесінің ақпараттық жүйесімен расталады.

19-6. Шарт жасасу үшін сақтау көлемінің ең аз және еселенген нормасы вагондық норманы құрауға тиіс.

19-7. Авиотын өнімінің сақтауға алған өтінімді мұнай өнімінің басқа түрін сақтаумен негізделмеуі тиіс.

19-8. Негізгі қуат иесі ағымдағы айдың 20-күніне дейінгі мерзімде өзінің интернет-ресурсында өткен кезеңдегі сақтаудың нақты көлемі туралы ақпаратты орналастырады.

19-9. Осы тарауда реттелмеген өзге де мәселелер осы Қағидалардың 1, 2 және 3-тарауларының ережелерімен регламенттеледі.

Департаментке 2021-2023 жылдар аралығында мұнай өнімдерін сақтау нарығында монополияға қарсы органның заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттермен, осы нарықта бәсекелестікті шектейтін бұзушылық белгілері бойынша кәсіпкерлерден арыз-шағымдар түскен жоқ.

Департамент басшысы



С. Иргалеев